

мәмле жасамауға құқылы. Сонымен бірге қаржы институттары өз клиенттерінің жасап жатқан күдікті операциялары туралы құзырлы органдарға дер кезінде хабарлауға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Никулина В.А. Отмывание «грязных» денег: уголовно-правовая характеристика и проблемы соучастия. — М.: Инфо, 2001. — С. 3.
2. Панов В.П. Международное уголовное право. — М.: Наука, 1997. — С. 258.
3. Mitchell, Taylor on confiscation and the proceeds of crime. — London, 1997.
4. Criminal Justice Act 1993 // The Public General Acts and General Synod Measures 1993. — Part II. — London: Her Majesty's Stationary Office, 1994. — P. 99.
5. Радзевановская Ю.В. Легализация (отмывание) денежных средств или иного имущества, приобретенных преступным путем (уголовно-правовая и криминологическая характеристика): Дис. ... канд. юрид. наук. — Уфа, 2005. — С. 88–90.

ӘОЖ 342.53(574)

Б.А.Ғабдулина

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

В статье рассматривается Конституционная история как неотъемлемая часть истории Отечества. Во внесенных изменениях и дополнениях в Конституцию Республики Казахстан автор прослеживает эволюцию развития государственной системы власти.

The history of the Constitution is an essential part of the history of Motherland. The evolution of development of state power system is deduced in the introduced changes and addenda to the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

Қазақстан Парламенті Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Заңды 2007 жылғы мамырдың 17-сінде қабылдады. Конституциялық реформа авторы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі болды. Ол мемлекеттік комиссияны және кейін Жұмыс тобын тікелей басқарды. Бұл шешімді ол еліміздің болашағы үшін және демократиялық ел ретінде гүлденіп даму үшін қабылдады. Бұл — еліміз экономикасының тендессіз өркендеуі, неғұрлым өзекті әлеуметтік проблемаларды шешу дәуірі [1].

Бұл құжат саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылады. Еліміздегі экономикалық табыстар, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы, өмір сүру стандарттарының өсуі Қазақстанның демократиялық дамуының жаңа кезеңіне берік тұғыр жасап берді. Біздің елімізде саяси жаңару үдерісі бірте-бірте, қажетті экономикалық жағдайлар жасалуына орай, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап бүкіл ретте біз өзіміздің дербес, қазақстандық даму жолымен жүріп келеміз, бір кездері таңдап алған сол жолмен содан бері келеміз. Өлемдік практиканы зерделеп, талдай келіп, біз нақ осы эволюциялық жолды таңдап алдық.

Парламенттің жұмыс тәжірибесіне парламенттік комитеттердің отырыстарында Үкімет мүшелерінің кандидатураларын талқылау енгізілді. Қолданыстағы Конституция аясында елімізде демократиялық үрдістерді дамыту жөнінде бірқатар шаралардың қабылдануы Мемлекеттік комиссия қызметінің нақты нәтижесі болды.

Қазақстанда 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, Президенттің Жарлығымен бекітілді.

Жан-жақты қоғамдық пікірталас пен негізгі саяси күштермен кеңестерді негізге ала отырып, Мемлекеттік комиссия енді жаңа кезеңде демократиялық дамытудың өзекті мәселелеріне жауаптарын ұсынды. Мынадай мәселелерге қатысты шешімдер әзірленді:

- атқарушы биліктің тиімділігі, ашықтығы мен есептілігі және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;

- сайлау заңнамасын жетілдіру;
- парламенттің жауапкершілігін кеңейту;
- әлемдік озық стандарттарға сәйкес сот жүйесін дамыту, судьялардың тәуелсіздігі;
- саяси партиялардың елдің саяси өміріне әлдеқайда белсенді қатысуы;
- ҰЕҰ-ның қоғамдық өмірдегі рөлін күшейту;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендіру. Саяси жаңартудың негізгі жұмысының басты қорытындысы болды. Бұл ұсыныстар — елдің негізгі қоғамдық-саяси күштерінің пікірлерін ескеретін ұжымдық еңбектің жемісі [2].

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы осы жұмыстың нәтижесі болды.

Бірінші. Мемлекет басшысының жекелеген өкілдіктерін Парламентке беру. Президенттік басқару нысаны сақтала отырып, мемлекеттік басқару жүйесіндегі парламентаризмді күшейту жөнінде ұтымды шешім қабылданды. Әңгіме тұтастай бірқатар өкілеттіктерді Парламенттің міндеттері мен жауапкершілігінің пайдасына қарай шын мәнінде қайта бөлу жөнінде, басқаша айтқанда, президенттік-парламенттік басқару нысанына іс жүзінде көшу туралы болды.

Екінші. Президенттің өзі президенттік басқару мерзімін 7 жылдан 5 жылға дейін қысқартуға бастамашылық жасады. Бұл мемлекет басшысының демократиялық ұмтылыстарының дәйектілігін айғақтайды.

Үшінші. Парламент депутаттардың үлкен тобы бастамашылық еткен түзетуді қабылдады, соған сәйкес Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тұңғыш президент әрі жалпыға танылған ұлттық көшбасшы ретінде ерекше құқыққа ие болып, Конституцияда белгіленген екі мерзімнен тыс, әрине, баламалы негізде Мемлекет басшысының лауазымына дауысқа түсу мүмкіндігін алды. Конституцияның осы бабы бойынша депутаттар қабылдаған шешім — сайлаушылардың басым көпшілігінің пікірін білдіретіні саяси өміріміздің шындығы.

Төртінші. Сайлау жүйесін демократияландыру. Президент еліміздің қоғамдық-саяси дамуының нақты жағдайларын, үрдістері мен серпінін ескере отырып, депутаттардың жартысын мажоритарлық, ал қалған жартысын пропорционалды жүйе бойынша сайлауды ұсынған. Мемкомиссияның ұсыныстарын одан әрі дамыта түскенін атап өту орынды. Президенттің Мәжіліс депутаттарының пропорционалды жүйе бойынша сайлауға көшу жөніндегі ұсыныстары неғұрлым негізді болып табылады.

Бұл — демократияландыру саласында ілгері басқан елеулі қадам, себебі, Мәжіліс депутаттарын пропорционалды жүйе бойынша сайлау партиялардың рөлін, тиісінше біздің қоғамның елеулі бөлігінің белсенділігін арттыруға берілген. Азаматтар мемлекеттік басқаруға неғұрлым көбірек қатысатын болды.

Бесінші. Мемлекеттік комиссияның парламент санын 154 депутатқа дейін ұлғайту туралы ұсынысы қабылданды. Жоғарғы заң шығару органының осындай сандық құрамы Қазақстан үшін оңтайлы болып табылады. Сенаттың құрамы президенттік квотаны арттыру есебінен 7-ден 15 депутатқа дейін көбейеді және де олардың бір бөлігі ендігі жерде конституциялық мәртебе бекітіліп берілетін Қазақстан халқы Ассамблеясынан тиісті консультациялар алғаннан кейін тағайындалатын болды.

Сенаттың рөлі де елеулі күшейе түседі. Енді жоғары палатаға «реттеуші билік» деп аталатын функция беріледі, яғни ол өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты туындайтын Мәжілістің уақытша болмауы кезеңінде бүкіл парламенттің функцияларын орындайтын болды.

Қазірдің өзінде бар өкілеттіктерге қосымша Сенатқа Ұлттық банк төрағасы лауазымына кандидатураны келісуі құқығы берілді.

Парламент депутатының қандай да бір императивтік мандатпен байланысты болмайтындығы туралы норманы алып тастап депутаттар қызметіне қатысты қағидатты мәселе болып табылады.

Алтыншы. Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес Үкіметтің Мемлекет басшысының алдына ғана емес, Парламент алдында да жауапкершілігі белгіленді.

Осылайша атқарушы билік көрсететін мемлекеттік қызметтердің жоғары тиімділігі мен сапасы, сондай-ақ оның органдары қызметінің қоғамдық есептілігі мен ашықтығы қамтамасыз етіледі. Тиісінше Үкіметтің жұмысына тиісті бақылау жасау жөнінде парламенттің өкілдігі күшейтілді.

Елеулі бір жайт — парламенттік көпшілік негізінде Үкіметті құру мен оның жұмыс істеуінің жаңа ережелерін жасау. Енді Премьер-министрді бекітуде, демек бүкіл Үкіметті бекітуде, басты рөл Мәжіліске беріледі.

Мәжілістің Үкіметке сенімсіздік білдіруі үшін бұрынғыдай депутаттар дауысының үштен екісінің емес, депутаттардың жай көпшілік дауысы жеткілікті болады.

Премьер-министрдің жаңадан сайланған Мәжіліс алдында Үкімет сенім білдіру туралы мәселе қою жөніндегі конституциялық міндеті Үкімет тағдырына ықпал ететін тағы да бір маңызды оқиға болады.

Үкімет құрудағы мұндай оң жағдайлардың болуы орынды. Мұны жұртшылық дұрыс қабылдады. Саяси партиялардың рөлі артады және парламенттік көпшілік партиясы Үкіметтің қызметі үшін жауапты болады.

Жетінші. Мемлекет басшысы бастамашылық жасаған Азаматтық форум билік пен үкіметтік емес ұйымдар арасында сындарлы диалог орнату үшін ерекше маңызға ие болуда, мұның аясында Қазақстанның азаматтық альянсы құрылды. Оның заң шығару үрдістеріне қатысуын қамтамасыз ету үшін Парламент Мәжілісі жанынан Қоғамдық сарапшылар палатасы тағайындалады.

Бүгінгі таңда билік пен үкіметтік емес ұйымдар үнқатысуының жоғары деңгейіне қол жеткізілді. Бұл қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық өмірінде азаматтық қоғам институттарының рөлін одан әрі күшейтуге мүмкіндік береді.

Сегізінші. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар. Оларды мемлекеттік Негізгі Заңына енгізу Қазақстанның бүкіл халқының көп жылғы және мүдделі талқылауының нәтижесі болып табылады.

Мұның өзі — Қазақстандағы демократияның өзекті мәселесі. Халықты жергілікті маңызы бар мәселелерді белсене шешуге қатыстыруға тарту үшін тиімді өзін-өзі басқару керек. Бұл адамдар мемлекеттің көмегіне жай ғана иек артпай, өзекті проблемаларды өздері шешу үшін қажет. Жергілікті билік, сайып келгенде, бұдан қажетті бедел мен өкілеттіктерге ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі мәслихаттар болатыны Конституцияда баяндалған. Оларға арнаулы заңға сәйкес, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік беруі мүмкін. Жергілікті жерлерде биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мәслихаттардың сайланатын мерзімі 4 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

Конституциялық реформаның тағы бір маңызды жағы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана әкімдерін, Президентін лауазымға тағайындауы енді тиісті мәслихаттың келісімімен жүзеге асырылатын болды. Өзге деңгейдегі әкімдер осыған ұқсас схема бойынша лауазымға тағайындалатын болды.

Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру рәсімі едәуір оңайлатылды. Бұл үшін әкімге сенімсіздік білдіру және оны қызметтен босату туралы мәселені тиісінше республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына қою туралы шешім қабылдайтын депутаттардың жай көпшілігі қажет етіледі.

Сонымен, мәслихаттар мен олардың депутаттарының саяси рөлі арта түседі, олар енгізілген нормалардың мәні бойынша өздеріне атқарушы органдардың көбірек есеп беріп тұратындығы арқасында әрекет етуші жергілікті өзін-өзі басқаруды білдіреді.

Бүкіл өркениетті мемлекеттерде іс жүзінде қамауға алуға санкция беру — бұл соттың ерекше құзыреті. Азаматтарды қамауға алуға соттың санкция беру бұл азаматтардың құқықтары мен бостандықтары басымдықтар болып табылатын құқықтық мемлекеттің бұлжымас және аса маңызды қағидасы деп баяғыдан-ақ танылған. Қазақстанда өлім жазасын іс жүзінде жоюға әкеп соқтырады. Қазір бұл жазаға заң тұрғысынан аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жол беріледі. Алайда, шын мәнінде, өлім жазасына жарияланған мораторийге байланысты соңғы төрт жылда қолданған жоқ. Өлім жазасын адамдардың қырылуына әкеп соқтыратын тек лаңкестік қылмыстар үшін және соғыс кезінде жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ғана қолдану мүмкіндігі конституциялық деңгейде белгілене отырып, Қазақстан осы арқылы өлім жазасы іс жүзінде қолданылмайтын елге айналады. Конституциялық Қазақстанның жаңа тарихи дәуірге қадам басыын білдіреді. Осыған байланысты бүгінде ел Парламентінің алдында қолданыстағы заңнаманы Конституцияға қабылданған өзгерістерге сәйкес келтіру міндеті тұр.

Ең алдымен, Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуге байланысты конституциялық заңдарға өзгеріс енгізілуі тиіс. Конституциялық реформалардың жаңашылдығы сайлау заңнамасында да өзінің көрінісін табуға тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру мен олардың қызметінің қағидаларын одан әрі дамыту «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» арнаулы заңдарда іске асырылатын болады.

Барлық өзгерістер Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі екенін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Конституциялық Кеңес төрағасы, заң ғылымдарының докторы Игорь Рогов былай деді: «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» Заң Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуы мен саясаты қайта жаңғыру кезеңінің басталғанын білдіреді. Бұл халықаралық қауымдастықтың оң көзқарасын туғызды. Депутаттар қабылдаған осы құжат енді «Президент туралы», «Парламент туралы», «Сайлау туралы» т.б. заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді. Бұл нормативтік-құқықтық актілерді жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Елдегі конституциялық заңдылықтың сапалық жаңа деңгейі осылар арқылы қамтамасыз етіледі. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамалар да ревизияланатын болады. Кеңес Төрағасының хабардар еткеніндей, адам құқығын қорғау мәселесі бірінші кезекке қойылды. Өлім жазасын жою заңды түрде енгізілді. Қазақстан біраз жылдан бері өлім жазасына мораторий жариялаған еді. Ол ауыр қылмыстар санын өсірген жоқ. Сонымен қатар қамауға алуға санкция беру құқығын соттарға беру функциясы енгізгелі отыр. Бұл адам құқығын қорғауға мүмкіндік береді.

Парламент Сенаторы Қ.Сұлтанов «Конституциялық реформа және азаматтық қоғам» тақырыбына тоқталады. «Конституциялық реформалардың негізгі мақсаты — қоғамды одан әрі демократияландыру», — деді сенатор. Осы тұрғыдан алғанда конституциялық өзгерістердің сапасы да, салмағы да жоғары деп айтуға болады. Сенат төрағасының баяндамасында айтылғандай, өзгерістер Президенттің сайлану мерзімін қысқартуға сот жүйесін әрі қарай дамытуға және олардың өкілеттігін кеңейтуге арналған [3].

Саяси өзгерістер бағдарламасы мен конституциялық реформаларды әзірлеу, оның аса маңызды құрамдастарының бірі ретінде біздің алға басуымыздың басым арнасына айналды. Конституцияның тұрақтылығы мен мызғымастығын қамтамасыз ету үшін Конституцияға өзгерістер тәртібін күрделендіру ұсынылды. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізетін және біздің Отанымыз дамуының жаңа сапалық сатысына қадам басатын уақыттың келгеніне кәміл сенімділік тудырады. «Конституциялық өзгерістер Қазақстанның қуатты, бәсекеге қабілетті және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуы жолындағы маңызды кезеңге айналмақ. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңін заңнамалық қамтамасыз ету жөнінде Парламенттің белсенді жұмысынан үміт артамын», — деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев [2].

Қазақстандық парламентаризмнің қалыптасуы қоғамдағы түбегейлі саясат және әлеуметтік өзгерістер жағдайында болды. Қазақстан Республикасында кәсіби, тұрақты қызмет ететін атқарушы және заң шығарушы органдардың пайда болуы — халықтық өкілдіктің күрделі тарихи дамуының жетістігі.

Осы уақыттан қазіргі кезге дейінгі аралықта Қазақстан ірі модернизациялық жоба «Қазақстан–2030» атты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Стратегиясын жүзеге асырды. Нәтижесінде еліміз жаңа сапалы сатыға көтеріліп, әлемдегі бәсекеге қабілетті елу мемлекет қатарына ену міндетін қою мүмкіндігін берді.

Парламентаризмнің дамуы бұл өзіндік мақсат емес, ол қоғамға, жеке адамға қызмет етуде ғана мәніне ие болады. Осыған орай қазіргі әлемде қалыптасқан парламенттің әр түрлі типтерін, парламенттік қызмет түрлерін, әлеуметтік рөлін салыстыра талдау өте маңызды.

Қазіргі парламентаризм — жан-жақты динамикалық құбылыс. Мәселені терең түсіну және оның даму бағыттарын айқындау, қазақстандық парламентаризм мен басқа әлемдегі қалыптасқан үлгілерді түсінуге және салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік беретіндігі айқын.

Әдебиеттер тізімі

1. *Жетібаев К.* Қазақстан Парламенті құзыретінің құқықтық сипаттамасы // Ізденіс. — 2001. — № 3 — 210-б.
2. web-сайт. www.e.dov.kz. akorda@e.dov.kz
3. *Сұлтанов Қ.* Конституциялық реформа және азаматтық қоғам // Егемен Қазақстан. — 2007. — 1 мамыр. — 2-б.